

Ақпанова Тоғжан Жомартқызының 8D10103 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алуға «Қазақстан Республикасында «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын жетілдіру» тақырыбына диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың өзектілігі. Биологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік саласындағы қазіргі заманғы жаһандық қиындықтар адам, жануарлар және қоршаған орта денсаулығының қиылысындағы тәуекелдердің алдын алу және басқаруға арналған үйлестірілген, пәнаралық және салааралық тәсілге негізделген «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасының маңыздылығын көрсетеді. «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын «адам, жануарлар және қоршаған орта денсаулығы арасындағы қиындықтар мен өзара байланысты шешуге деген міндеттемені көрсететін кең және икемді термин» деп анықтауға болады [Trimmel N.E., Walzer C. 2020, Boqvist S., Söderqvist K., Vågsholm I. 2018].

Бүгінгі таңда қоғамдық денсаулық сақтау қызметтері эпидемиологиялық денсаулықты бақылау, денсаулыққа қауіп төндіретін жағдайларды бақылау және оларға жауап беру, денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу сияқты операциялық функцияларды «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын іс жүзінде жүзеге асырудың негізі ретінде анықтауы керек. Қоғамдық денсаулықты қорғау денсаулық сақтау саласының жалғыз міндеті емес, сонымен қатар басқа салалар мен қоғамның күш-жігерін де қамтитынын атап өту маңызды. Сондықтан, барлық салалар қоршаған ортаға әсер ету ауыртпалығын болдырмау және азайту, сондай-ақ олардың арасындағы өнімді диалогты дамыту үшін маңызды жауапкершілікте болады.

ДДҰ ұсынымдарына сәйкес БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы 16 мақсатқа қол жеткізуге бағытталған «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасы қоғамдық денсаулық сақтау қызметінің (ҚДҚ) 10 негізгі жедел функцияларын ескере отырып оңтайландырылуы тиіс. Бұл тәсіл «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын іске асыруда ҚДҚ және басқа секторлар мамандарының кәсіби қызметінің рөлдері мен шекараларын айқындауға құрылымдық тұрғыдан жақындауға мүмкіндік береді [Sustainable Development Solutions Network. A global Initiative for the United Nations].

Қазақстанда «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын енгізу зооноздық инфекциялардың көбеюімен, климаттың өзгеруімен және жаһанданумен байланысты, бұл жаңа патогендердің таралуына ықпал етеді. Медициналық, ветеринариялық және қоршаған ортаны қорғау салалары арасындағы үйлестірудің жеткіліксіздігі денсаулыққа қауіп төндіретін жағдайларға тиімді жауап беру үшін салааралық тәсілдің қажеттілігін көрсетті. COVID-19 тудырған эпидемиологиялық жағдай «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасының қоғамдық денсаулық сақтау саясатындағы негізгі рөлін көрсетті. Пандемия пәнаралық ынтымақтастықтағы кемшіліктерді және осы саладағы білікті мамандардың жетіспеушілігін анықтады, бұл қауіп-қатерге

жауап берудің алғашқы кезеңдерінде мәселелерге ықпал етті [Filip R., Gheorghita Puscaselu R., Anchidin-Norocel L. et al. 2022].

Осылайша, зерттеудің өзектілігі жүйелік ведомствоаралық ынтымақтастықтың болмауынан туындайды, ал «Бірыңғай денсаулық» тәсілінің жеткіліксіз институционалдандырылуы оны толық енгізуді айтарлықтай шектейді. Нормативтік базаның дамымағандығы, салааралық үйлестірудің үзік-үзік болуы және «Бірыңғай денсаулық» саласындағы мамандардың хабардарлығының жеткіліксіздігі тұжырымдаманы ұлттық деңгейде іске асыруға кедергі келтіреді.

Зерттеу мақсаты

Зерттеудің мақсаты «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын кешенді зерделеу негізінде Қазақстан Республикасында «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын трансформациялау моделін әзірлеу болып табылады.

Зерттеу міндеттері

1. «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын қолдану мен жетілдірудің халықаралық тәжірибесін зерделеу;
2. Қазақстан Республикасының «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын енгізуге дайындығы бойынша нормативтік - құқықтық базаға талдау жүргізу;
3. Қазақстан Республикасындағы санитариялық-эпидемиологиялық және ветеринариялық қызметте кадрларға талдау жүргізу;
4. «Бірыңғай денсаулық» хабардарлық мәселелерінде адамдар мен жануарлардың денсаулығын қорғау жөніндегі мамандарға әлеуметтік сауалнама жүргізу;
5. Қазақстан Республикасында «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын енгізу бойынша модель әзірлеу.

Ғылыми жаңалық:

Бірінші рет:

- «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын қолдану тәжірибесіне халықаралық талдау жүргізілді;
- Қазақстан Республикасының «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын енгізуге дайындығына кешенді бағалау, бірыңғай денсаулық мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны талдау, «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасы шеңберінде міндеттерді іске асыратын мемлекеттік органдардың қызметіне функционалдық талдау жүргізілді;
- «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарына қатысты адамдар мен жануарлардың денсаулығын қорғау жөніндегі мамандардың хабардарлығы талданған;
- «Бірыңғай денсаулық» қағидаттары бойынша мамандардың біліктілігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірленді, халық үшін «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік: «Бірыңғай денсаулық» қағидаттары» тақырыбында біліктілікті арттыру циклі әзірленді.
- Қазақстан Республикасында «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын енгізу бойынша модель әзірленді.

Практикалық маңыздылығы

1. «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын қолдану мен жетілдірудің халықаралық практикасына жүргізілген кешенді талдау кедергілерді анықтауға және оны Қазақстан Республикасында енгізу тетіктерін айқындауға мүмкіндік берді.

2. Нормативтік-құқықтық базаны талдау нормативтік-құқықтық базаның Қазақстан Республикасында «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын енгізуге дайындығын айқындады.

3. Бірыңғай денсаулық саласындағы білікті мамандар пулын дайындау үшін «Бірыңғай денсаулық» тақырыбы бойынша біліктілікті арттырудың 3 бағдарламасы әзірленді.

4. Денсаулық сақтау мамандарының біліктілік талаптарына ұсыныстар мен ұсынымдар әзірленді (Б қосымшасы).

5. Қазақстан Республикасында «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын енгізу бойынша модель әзірленді (А қосымшасы).

6. «Бірыңғай денсаулық» тақырыбы бойынша ақпараттық сайт әзірленді <https://aboutonehealth.kz>, бұл халықтың хабардарлығын арттыруға арналған бірыңғай денсаулық мәселелерін көрсететін ақпараттық ресурс.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу келесі әдістеме бойынша жүргізілді:

Зерттеу дизайны-аналитикалық / көлденең зерттеу.

Зерттеу нысаны:

- Адам, жануар және қоршаған орта денсаулығы арасындағы байланысты реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар;

- Санитариялық-эпидемиологиялық және ветеринариялық қызмет мамандарының кадр санына байланысты ресми деректер;

- Адамдар мен жануарлардың денсаулығын сақтау мамандары.

Жүргізілген зерттеудің құрылымы төрт негізгі кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең-PubMed, Medline, Google Scholar, eLibrary, Asademu Google дерекқорларын пайдалана отырып, мәлімделген тақырып бойынша халықаралық тәжірибені зерттеу.

Екінші кезең-адам-жануардың денсаулығын реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілерді контент-талдау-қоршаған орта.

Үшінші кезең-адамдар мен жануарлардың денсаулығын сақтау саласындағы мамандар арасында ақпараттандыруды талдау; социологиялық зерттеу жүргізілді.

Төртінші кезең – Қазақстан Республикасындағы санитариялық-эпидемиологиялық және ветеринариялық қызметті талдау.

Бесінші кезең «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын енгізудің ғылыми негізделген тетігін әзірлеуді қамтыды.

Осылайша, зерттеу жұмысының дизайны зерттеудің бірнеше түрімен біріктірілді: дескриптивті зерттеу, кросс-секциялық зерттеу, аналитикалық зерттеу.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер

1. «Бірыңғай денсаулық» қағидаттары саласындағы халықаралық тәжірибені талдау зооноздарға, антибиотикке төзімділікке және басқа да

трансшекаралық қатерлерге тиімді қарсы іс-қимыл жасау үшін «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарының маңыздылығын растады, бұл оларды Қазақстан Республикасында енгізу қажеттілігін негіздейді.

2. Адам, жануарлар денсаулығы және қоршаған орта мәселелерін реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің контент-талдауы Қазақстан Республикасының «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын енгізуге ішінара дайындығын анықтады.

3. Мамандардың «Бірыңғай денсаулық» туралы хабардар болу деңгейін арттыру осы тұжырымдаманы енгізудегі кедергілерді азайтуға мүмкіндік береді.

4. Санитарлық-эпидемиологиялық реформалар кадрлық теңгерімсіздікке әсер етті, бұл «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарына негізделген интеграцияланған тәсілдің қажеттілігін көрсетеді.

5. Ветеринариялық қызмет сектораралық өзара іс-қимылда шешуші орын алатыны және «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасы қағидаттарын іске асырудың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатыны анықталды, бұл оны кадрлармен қамтамасыз етуде анықталған үрдістермен расталады.

6. «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын іске асыру үшін Қазақстан Республикасында «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын енгізу моделін пайдалану қажет.

Қорытындылар

Зерттеу нәтижелері бойынша біз келесі қорытындылар жасадық:

1. Халықаралық тәжірибе сектораралық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуде, зооноздық инфекцияларды ерте анықтау мен алдын алуда, сондай-ақ антибиотикке төзімділікпен күресте «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын іске асырудың тиімділігін көрсетті. Алынған нәтижелер Қазақстан Республикасында осы тұжырымдаманы енгізу ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі заманғы биологиялық қатерлерге орнықтылығын нығайтуға және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуге бағытталған негізделген ғана емес, сонымен қатар уақтылы қадам болып табылатынын айғақтайды.

2. Нормативтік-құқықтық базаны талдау министрліктер арасындағы функциялар мен уәкілетті органдардың жауапкершілік шаралары әрдайым нақты ажыратыла бермейтінін көрсетті. Институционалдық база мен үйлестіру кеңесін құру «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын тиімді енгізуге ықпал ететін басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері сауалнамаға қатысқандардың 38,1%-ы теорияда «Бірыңғай денсаулық» қағидаттары туралы білімге ие екенін және респонденттің 36,6% - ы өзінің кәсіби қызметінде «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын қолданатынын көрсетеді. Мамандар арасында «Бірыңғай денсаулық» туралы хабардарлықтың төмен деңгейі осы тұжырымдаманы енгізу жолында елеулі кедергі болып табылады. Респонденттің тек 282-сі (36,6%) өздерінің кәсіби қызметінде «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын пайдаланады, ал респонденттің 294-і (38,1%) теорияда «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын меңгерген. Сауалнамаға қатысқандардың 195-і (25,3%) бұл принциптер

туралы білмейді. Денсаулық сақтау және ветеринария саласындағы мамандарды даярлау жөніндегі білім беру процесіне бірыңғай денсаулық сақтаудың әзірленген бағдарламаларын енгізу талап етіледі.

3. Кәсіпкерлік кодекс пен оның заңға тәуелді актілерін қабылдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасында жүргізілген реформалар эпидемиологиялық қызметтің кадрлық әлеуетіне және эпидемиологиялық қадағалау орталықтарының қызметіне айтарлықтай әсер етті, бұл 1998 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде мамандар санының тұрақты төмендеуімен расталады. Бұл ретте ветеринариялық қызметтің кадрлық қамтамасыз етілуі тұтастай алғанда қанағаттанарлық деңгейде қалып отыр, алайда қалалық және ауылдық аудандар арасындағы айқын аумақтық теңгерімсіздіктер байқалады, басқарушылық шешімдер қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Кәсіпкерлік кодекс пен заңға тәуелді актілердің қабылдануы ауыл эпидемиологтарының санына да, жан басына шаққандағы көрсеткіштеріне де айтарлықтай әсер етті. 1998-2022 жылдар аралығында эпидемиологтардың жалпы саны 3164-тен (1998 ж.) 4287-ге дейін (2016 ж.), ал қалалық эпидемиологтардың саны 2541-ден (2000 ж.) 3574-ке (2016 ж.) дейін өзгерді.

4. Қазақстанда ветеринариялық қызметтің қамтамасыз етілуі қанағаттанарлық деңгейде. Алайда, өңірлер арасындағы теңгерімсіздік кадр ресурстарын қайта бөлуге, нашар қамтамасыз етілген өңірлерде мамандарды ынталандыру бағдарламаларын енгізуге, сондай-ақ ветеринариялық мекемелердің инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған басқару стратегияларын жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

5. Бірыңғай денсаулық қағидаттарын тиімді енгізу үшін адам - жануарлар-экожүйелердің денсаулығына мониторинг жүргізуді, мамандарға оқыту жүргізуді, сектораралық тетіктер құруды, зооноздық инфекциялардың алдын алу туралы халықтың хабардарлығын арттыруды, тәжірибе алмасу үшін еларалық бастамаларға қатысуды қамтитын тұжырымдамалық тәсіл маңызды шарт болып табылады..

Практикалық ұсыныстар

1. Басым бағыттардың бірі ретінде сектораралық өзара іс-қимылдың орнықты құрылымын қалыптастыру және «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару және денсаулық сақтау жүйесіне практикалық интеграциялауға бағытталған ұлттық консорциум құру ұсынылады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде және басқа да НҚА-да «Бірыңғай денсаулық» терминін нормативтік тұрғыдан бекіткен жөн. «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын енгізудің тиімділігін арттыру үшін медицина, ветеринария, эпидемиология және экология саласындағы мамандарға арналған сектораралық біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу ұсынылады. Толықтыру ретінде «Бірыңғай денсаулық» қағидаттарын көрсететін және сектораралық өзара іс-қимылды дамытуға бағдарланған жаңа құзыреттерді қамтитын біліктілік талаптарын өзектендіру ұсынылады.

2. Санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі мамандар, ветеринарлар үшін біз әзірлеген «Бірыңғай денсаулық» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курстарын біріктіру қажет. Халықты ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу үшін біз әзірлеген модульдерді жалпы жұртшылық үшін қолдануды ұсынамыз.

3. Халықтың «Бірыңғай денсаулық» қағидаттары туралы хабардар болу деңгейін арттыру үшін ақпараттық портал құрылды www.aboutonehealth.kz, оның негізінде «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік: «Бірыңғай денсаулық» қағидаттары» онлайн-курсын қоса алғанда, оқыту бағдарламалары іске асырылады. Қоғамдағы сектораралық өзара іс-қимылдың алдын алу және нығайту мәдениетін қалыптастыру мақсатында осындай ағартушылық бастамаларды масштабтау ұсынылады.

4. Санитариялық-эпидемиологиялық және ветеринариялық қызметтерді кадрлық қамтамасыз етуді талдау ауылдық өңірлерде мамандардың тапшылығын тудырды. Осыған байланысты әлеуметтік жеңілдіктер, нысаналы гранттар мен оқуға бағыттар беруді, тұрғын үймен қамтамасыз етуді, сондай-ақ кәсіптік өсу мен мансаптық даму үшін жағдайлар жасауды қоса алғанда, ауылдық жерлерде кадрларды тарту және бекіту жөніндегі мемлекеттік шараларды күшейту ұсынылады.

5. Ветеринариялық кадрлар туралы мәліметтерді көрсететін жеке нысанды енгізуді көздей отырып, «Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандарын және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады. Сондай-ақ, 2025 жылы жоспарланған ауыл шаруашылығы санағын дайындау және өткізу шеңберінде осы саладағы ресми статистикалық ақпараттың дұрыстығын арттыру жөнінде шаралар қабылдаған жөн.

Диссертацияны апробациялау

Диссертацияның негізгі ережелері мына жерде ұсынылды:

Диссертацияның негізгі нәтижелері, ережелері, қорытындылары және тұжырымдары Б.А. Атчабаров атындағы XVI халықаралық «Экология. Радиация. Денсаулық» ғылыми-практикалық конференциясында (28-29 тамыз, 2023 ж.) баяндалып, ұсынылды.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар

Диссертациялық зерттеу материалдары бойынша 6 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда 3 жарияланым, халықаралық конференциялар жинақтарында 3 тезис және Scopus және Web of Science (Clarivate Analytics) дерекқорларымен индекстелетін журналдарда 1 ғылыми жарияланым. Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы 5 куәлік, 2 енгізу актісі алынды.

Автордың жеке үлесі

Зерттеу авторы жұмыстың тұжырымдамалық негіздерін әзірлеуге, оның мақсаты мен міндеттерін тұжырымдауға, сондай-ақ зерттеу бағдарламасын құруға белсенді қатысты. Ол бастапқы деректерді жинауды, оларды кейінгі

аналитикалық өңдеуді, сондай-ақ статистикалық талдаудың барлық кезеңдерін орындауды жүзеге асырды. Сонымен қатар, автор алынған нәтижелерді дербес сипаттады, диссертацияның негізгі ережелерін тұжырымдады, қорытынды, қорытындылар мен практикалық ұсыныстар дайындады.

Зерттеу нәтижелерін енгізу

- Бірыңғай денсаулық мәселелерін көрсететін, мамандар мен халықтың хабардарлығын арттыруға арналған ақпараттық сайт құрылды (2025 жылғы 19 ақпандағы №54862 авторлық куәлік);

- «Бірыңғай денсаулыққа кіріспе» біліктілікті арттыру курсы әзірленді (авторлық құқық 2025 жылғы 3 ақпандағы № 54133);

- «Ветеринариялық мамандарға арналған «Бірыңғай денсаулық негіздері» біліктілікті арттыру курсы әзірленді (авторлық құқық 2025 жылғы 2 сәуірдегі № 56316);

- «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік: «Бірыңғай денсаулық» қағидаттары» біліктілікті арттыру курсы әзірленді (авторлық құқық 2025 жылғы 26 наурыздағы № 56036);

- Қазақстан Республикасының Бірыңғай денсаулық тұжырымдамасын енгізуге дайындығына кешенді бағалау жүргізілді;

- Бірыңғай денсаулық мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық базаға талдау, бірыңғай денсаулық тұжырымдамасы шеңберінде міндеттерді іске асыратын мемлекеттік органдардың қызметіне функционалдық талдау жүргізілді;

- Қазақстан Республикасында «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасын енгізу бойынша модель әзірленді (авторлық құқық 2025 жылғы 6 наурыздағы № 55526).

- «Primary Health Care» ұлттық қауымдастығынан бірыңғай денсаулық мәселелерін көрсететін ақпараттық сайтты енгізу актісі алынды;

- Семей медицина университетінен «Бірыңғай денсаулық тұжырымдамасына кіріспе» білім беру бағдарламасын енгізуге енгізу актісі алынды;

Диссертацияның көлемі мен құрылымы

Диссертация баспа мәтінінің 115 бетінде баяндалған, кіріспеден, әдебиеттерге, материалдар мен әдістерге шолудан, 7 бөлімнен, қорытындыдан, практикалық енгізуге арналған қорытындылар мен ұсыныстардан, 217 атауды қамтитын пайдаланылған дереккөздердің библиографиялық тізімінен тұрады, оның ішінде 47 дереккөз мемлекеттік және орыс тілдерінде және 170 – шет тілдерінде.